

Жазира Турсынали¹, Раушан Базикенқызы Джельдыбаева^{2*}¹филология ғылымдарының кандидаты,Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0007-0212-2545 E-mail: jazen_25@hotmail.com^{2*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-3912-3054 E-mail: nawrao@mail.ru**ҚЫТАЙ ТІЛНДЕГІ «ЕСІК» (ĭ) ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІСІ МЕН
ҚАЗАҚ ТІЛНДЕГІ «ШАҢЫРАҚ» ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІСІНІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Андатпа. Тіл – халықтың мәдениеті мен дүниетанымын бейнелейтін маңызды құралдардың бірі. Әр халықтың ұлттық танымы мен өмір салты тілдегі концептілер арқылы көрініс табады. Қытай мәдениетінде «үй» концептісінің негізгі бір бөлігі – «есік» (ĭ) ұғымы тек материалдық нысан ғана емес, рухани және мәдени мәнге ие символ ретінде қарастырылады. Ал қазақ мәдениетінде «шаңырақ» ұғымы отбасы, бірлік және өмір жалғастығының белгісі ретінде ерекше мағынаға ие. Мақаланың мақсаты – қытай тіліндегі «есік» (ĭ) концептісінің қытай халқы мәдениеті мен салт-дәстүріндегі маңызын олардың тұрмыс-тіршілігі, өмір сүрген ортасы, наным-сенімі мен дүниетанымы негізінде этномәдени аспектіде талдау және оны қазақ тіліндегі «шаңырақ» концептісімен салғастыра қарастыру. «Есік» (ĭ) концептісі – қытай халқы үшін материалдық болмыс қана емес, рухани өркениеттің тасымалдаушысы. Феодалдық этикет жүйесінің бір бөлігі ретінде есіктің өзіндік қытай дәстүріне тән мәдени ерекшеліктері бар. Қытай танымында есіктер иерархиялық және мәдени символизмге бай. Қытай тіліндегі «есік» (ĭ) концептісінің тілдік таңбасын этномәдени қырынан қарастыру қытай халқының мәдениеті мен дүниетанымын тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақ тіліндегі «шаңырақ» концептісінің этномәдени негізіне үніле отырып, оны салғастыра зерттеу арқылы екі халықтың мәдени ерекшеліктеріндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау зерттеу жұмысымыздың маңыздылығын құрайды. Зерттеу нәтижелері қытай халқының ежелден отырықшы өмір салтын ұстануына байланысты үй кеңістігі қауіпсіздік пен қорғаныс ұғымымен тығыз байланысты қалыптасқанын көрсетеді. Осыған байланысты «есік» сыртқы әлеммен байланыс орнататын негізгі өткел ретінде ерекше мәдени мәнге ие болған. Қытай мәдениетінде есік иерархиялық жүйемен, дәстүрлі этикет нормаларымен және түрлі ырым-салттармен тығыз байланысты символ болып табылады. Ал қазақ халқының көшпелі өмір салтына байланысты киіз үй құрылымындағы «шаңырақ» отбасының бірлігі мен өмірдің жалғастығын білдіретін маңызды мәдени белгі ретінде қалыптасқан. Зерттеу нәтижелері қытай және қазақ халықтарының дүниетанымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға негіз болады. Алынған ғылыми тұжырымдар тіл мамандарын даярлау, аудармашыларды оқыту, сондай-ақ магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмыстарында қолданылуы мүмкін.

Тірек сөздер: шаңырақ; есік (ĭ); «үй» концептісі; киіз үй; микроконцепт**Сілтеме жасау үшін:** Турсынали Ж., Джельдыбаева Р.Б. Қытай тіліндегі «есік» (ĭ) этномәдени концептісі мен қазақ тіліндегі «шаңырақ» этномәдени концептісінің лингвомәдени ерекшеліктері. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 55-65-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-55-65>**Жазира Турсынали¹, Раушан Базикенқызы Джельдыбаева^{2*}**¹кандидат филологических наук,Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0007-0212-2545 E-mail: jazen_25@hotmail.com^{2*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-3912-3054 E-mail: nawrao@mail.ru**ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО КОНЦЕПТА «ДВЕРЬ»
(ĭ) В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ И ЭТНОКУЛЬТУРНОГО КОНЦЕПТА «ШАНЫРАК»
В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

Аннотация. Язык является одним из важнейших средств, отражающих культуру и мировоззрение народа. Национальное сознание и образ жизни каждого народа находят отражение в языковых концептах. В китайской культуре одной из основных составляющих концепта «дом» является понятие «дверь» (门), которое рассматривается не только как материальный объект, но и как символ, обладающий духовным и культурным значением. В казахской культуре, в свою очередь, понятие «шанырақ» является символом семьи, единства и продолжения жизни. Целью статьи является этнокультурный анализ значения концепта «дверь» (门) в китайском языке в контексте культуры и традиций китайского народа, а также его сопоставительное рассмотрение с концептом «шанырақ» в казахском языке с учетом особенностей образа жизни, среды обитания, верований и мировоззрения. Концепт «дверь» (门) для китайского народа представляет собой не только материальный объект, но и является носителем духовной цивилизации. Будучи частью феодальной системы этикета, дверь обладает специфическими культурными особенностями в китайской традиции. В китайской культурной традиции двери наполнены иерархическим и культурным символизмом. Рассмотрение языкового знака концепта «дверь» (门) с этнокультурной точки зрения позволяет глубже понять культуру и мировоззрение китайского народа. Кроме того, обращение к этнокультурным основам концепта «шанырақ» в казахском языке и его сопоставительное изучение дает возможность выявить сходства и различия в культурных особенностях двух народов, что и определяет значимость данного исследования. Результаты исследования показывают, что в сознании китайского народа, который издавна вел оседлый образ жизни, пространство дома тесно связано с представлениями о безопасности и защите. В связи с этим «дверь» приобрела особое культурное значение как основной переход между внешним миром и внутренним пространством. В китайской культуре дверь является символом, тесно связанным с иерархической системой, традиционными нормами этикета и различными обрядами и поверьями. В свою очередь, у казахского народа, ведущего кочевой образ жизни, «шанырақ» в структуре юрты сформировался как важный культурный символ, выражающий единство семьи и продолжение жизни. Результаты исследования позволяют выявить сходства и различия в мировоззрении китайского и казахского народов. Полученные результаты могут быть использованы при подготовке специалистов в области языкознания, при подготовке переводчиков, а также в научных исследованиях магистрантов и докторантов.

Ключевые слова: шанырақ; дверь (门); концепт «дом»; юрта; микроконцепт

Для цитирования: Турсынали Ж., Джельдыбаева Р.Б. Лингвокультурные особенности этнокультурного концепта «дверь» (门) в китайском языке и этнокультурного концепта «шанырақ» в казахском языке. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 55-65. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-55-65>

Zhazira Tursynali¹, Raushan Zheldybayeva^{2*}

¹Candidate of Philological Sciences,

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0007-0212-2545 E-mail: jazen_25@hotmail.com

^{2*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences,

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-3912-3054 E-mail: nawrao@mail.ru

LINGUOCULTURAL FEATURES OF THE ETHNOCULTURAL CONCEPT OF “DOOR” (门) IN THE CHINESE LANGUAGE AND THE ETHNOCULTURAL CONCEPT OF “SHANYRAQ” IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. Language is one of the most important means of reflecting the culture and worldview of a people. The national consciousness and way of life of every nation are manifested through linguistic concepts. In Chinese culture, one of the main components of the concept of “home” is the concept of “door” (门), which is considered not only as a material object, but also as a symbol with spiritual and cultural meaning. In Kazakh culture, the concept of the “shanyraq (the central roof ring of the Kazakh yurt)” represents a symbol of family, unity, and the continuity of life. The purpose of this article is to analyze the significance of the concept of the “door” (门) in the Chinese language from an ethnocultural perspective, considering the lifestyle, living environment, beliefs, and worldview of the Chinese people, and to conduct a comparative analysis with the concept of the “shanyraq” in the Kazakh language. For the Chinese people, the concept of the “door” (门) represents not only a material reality but also a carrier of spiritual culture. As part of the feudal etiquette system, the door possesses specific cultural features characteristic of Chinese tradition. In Chinese cultural tradition, doors are rich in hierarchical and cultural symbolism. The analysis of the linguistic representation of the concept of the “door” (门) from an ethnocultural perspective allows for a deeper understanding of Chinese culture and worldview. In addition, studying the ethnocultural foundations of the concept of the “shanyraq” in the Kazakh language and comparing it with the Chinese concept makes it possible to identify similarities and differences in the cultural characteristics of the two peoples, which determines the significance of this research. The research results show that, due to the long-standing sedentary lifestyle of the Chinese people, the space of the house has historically been associated with ideas of safety and protection. In this context, the “door” acquired special cultural significance as the main passage connecting the external world with the inner

space. In Chinese culture, the door is a symbol closely associated with hierarchical systems, traditional etiquette norms, and various rituals and beliefs. In contrast, among the Kazakh people, who historically led a nomadic lifestyle, the “shanyraq” in the structure of the yurt has become an important cultural symbol representing family unity and the continuity of life. The results of the study make it possible to identify similarities and differences in the worldviews of the Chinese and Kazakh peoples. The findings can be used in the training of linguists and translators, as well as in the research work of master’s and doctoral students.

Keywords: shanyraq; door (门); concept “home”; yurt; microconcept

For citation: Tursynali, Zh., Zheldybayeva, R. Linguocultural Features of the Ethnocultural Concept of “Door” (门) in the Chinese Language and the Ethnocultural Concept of “Shanyraq” in the Kazakh Language. *TiltanyM*, 2026. No.1 (101). Pp. 55-65. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-55-65>

Кіріспе

Әр ұлттың өзіне тән болмыс-бітімі, дүниетанымы, ұғым-түсініктері, ділі (менталитеті), діні, мәдениеті болады. Бұл ерекшеліктер мен айырмашылықтар ұлттық концептіде көрініп отыратыны белгілі. Сонымен қатар, әр халықтың тарихында, мәдениетінде, дүниетанымында ерекше орын алатын, тұрмыстық ерекшелігінен дерек беретін ұлттық феномендері болатыны белгілі. Жалпы адамзаттың тұрмыс-тіршілігінде ерекше маңызға ие «үй» концепциясының әрбір элементтері әр халықтың дүниетанымында ұқсамайтын мән-мағынаға ие. Ол сол халықтың тұрмыс тіршілік еткен ортасына, наным-сеніміне байланысты қалыптасқан. Соған байланысты ұлттың этномәдени концептісінде когнитивтік модель құралады.

Мақалада салғастыра зерттеудің нысаны ретінде «үй» концептісінің элементтері – есік пен шаңырақ алынып отыр. Себебі бұл екі элемент – салғастырып отырған екі ұлттың мәдениетін айшықтайтын мәдени код ретінде қалыптасқан эталоны, олар әртүрлі мәдени-өркениеттік ортада қалыптасқанмен, олардың екеуі де тұрғын үй құрылымының негізгі элементтері ретінде ұлттық дүниетанымда терең символдық мәнге ие. Аталған концептілер халықтардың әлеуметтік құрылымы, отбасы моделі, рухани құндылықтары мен әлемді қабылдау ерекшеліктерін тіл арқылы бейнелейді. Осы арқылы біз екі ұлт дүниетанымындағы және наным сенімі мен мәдениетіндегі айырмашылығын көре аламыз. Бұл ұлттар арасында сапалы қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

Тілдің әрбір бірлігі өзіне тиесілі мәдениетті азды-көпті көрсете алады, әсіресе тілдегі лексиканың орны ерекше деуге болады. Лингвист Чен Юан: «Лексика тілдегі ең белсенді фактор ретінде, қоғамдық өмірдегі және әлеуметтік идиологиядағы өзгерістерді ең дәл көрсете алады» (陈原, 北, 1980) деген. Демек, белгілі бір тілдің лексикасын меңгеру сол тілде сөйлейтін ұлттың мәдениетімен танысқанмен бірдей, қоғамдық мәдениеттің өзгерістері мен дамуын зерттеп, ұлттың дүниетанымдық құндылықтарын, ой-өрісін, эстетикалық талғамын зерделеу – тіл мен мәдениетті тереңдеп меңгерудің тиімді жолы. Лексикологияда сөз мағынасы мен мәдениеттің арақатынасына назар аударылады.

«Үй» концептісінің маңызды бір элементі есік (门) қытай халқының санасында үйдің ішкі жағы мен сыртқы әлемді тұтастыратын, яғни үйдің ішіндегі адамдар үшін өзінен сыртқы әлемге, ал сыртқы әлемнен үйдің ішінде еркін тұруға мүмкіндік беретін маңызды өткел ретінде қалыптасқан. Ол сыртқы әлеммен бір қадам ғана қашықтықта болса да, оның ерекше маңызы бар. Ол адамдардың мінез-кұлқы мен психологиясына орасан зор өзгерістер әкеледі, сөйтіп, терең сана мен ойлауға есік (门) сөзінің мағынасына әсер етіп, байытады. Сондықтан есіктер туралы тек көзге көрінетін нақты формасы бар зат ретінде үстірт таным-түсінік қана емес, оған қатысты функциялар мен ақпараттық тұжырымдамалары негізінде біртұтас танымдық ұғым қалыптасқан.

Ал қазақ халқының дүниетанымында шаңырақ «үй» концептісінің маңызды бір феномені болып қалыптасқан. «Шаңырақ» концептісі қазақ дүниетанымында күн семантикасымен сабақтасып, сакралды-символдық мәнге ие мәдени таңба ретінде көрініс табады. Оның архетиптік негіздері тәңіршілдік дүниетаныммен байланысты. Шаңырақтың шеңбер пішіні мен уықтарды бір орталыққа тоғыстыратын құрылымдық қызметі, оның ғаламмен байланыстырушы өткелі ретінде санаған. Қазақ мәдениетінде шаңырақ жоғары деңгейдегі семиотикалық және сакралды мәнге ие реалий болып саналады. Көптеген көне, мифологиялық және діни рәсімдер

үйдің, ошақтың, отбасының және ұрпақ жалғастығының ритуалдық символы – шаңырақтың қатысуымен орындалған. Ал «макрокосм мен тұрғын үй» арасындағы сәйкестік жүйесінде киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі болып саналатын шаңырақ аспанмен сәйкестендіріледі (Үегізбайева, 2019). Киіз үйдің құрамдас бөлігі ретіндегі шаңырақ отбасылық мұра болып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған; әке үйінің шаңырағын ұлдары қасиетті жәдігер ретінде қастерлеген. Өмірдің ең маңызды сәттерінде қазақтар шаңыраққа қарап ант берген (Темиргазина, 2022).

Материал және әдістер

Мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі «үй» концептісінің феномені болған, *есік* және *шаңырақ* сөздеріне байланысты екі халықтың лингвомәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындау мақсатында талдау, сипаттау, тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы және әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды.

Қытай мен қазақ тілдеріндегі *есік* (门) және *шаңырақ* сөздері ұлттық мәнді білдіретін, этномәдени мазмұнды лексиканың ерекше элементтері болып табылады. Бұл сөздер арқылы халықтың мәдениеті, дәстүрлері және дүниетанымы туралы терең түсінік алуға болады. Әр концептіні зерттеу барысында семантикалық, прагматикалық контекстері, сонымен қатар екі мәдениеттегі әлеуметтік функциялар салыстырылады.

Әдебиетке шолу

Қазіргі лингвистиканың бір саласы лингвомәдениеттану – тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланысты зерттейтін ғылым. Оның басты нысаны халық пен тіл, халық дүниетанымы мен дәстүрі болса, онымен жиектес ғылым этнолингвистиканың нысаны – сол халықтың тіліндегі тілдік белгілер арқылы ұлттық ерекшелікті анықтау және тілдік деректерге сүйене отырып халық дүниетанымының қалыптасу заңдылықтарын, себебін анықтау.

Тіл білімі саласында «концепт» ұғымы – бүгінде жиі қолданылатын терминдердің бірі. Ол философия мен логикада ертеден белгілі болғанымен, тіл білімінде өзіндік орны бар, мазмұнға ие, когнитивті лингвистиканың негізгі категорияларының біріне айналды.

«Концептінің мазмұны әрқашан ұлттық ерекшелікке ие және нақты тіл-мәдени қауымдастықтың мәдениеті мен дүниетанымын тілдік бірлік немесе бірліктер жиыны арқылы бейнелейді. Сондықтан кез келген концептіні зерттеу әлемнің тілдік бейнесі үшін ерекше маңызға ие», – деп зерттеуші В.И. Карасик өз пікірін білдірген (Карасик, 1996).

Тіл мен мәдениет байланысы – лингвомәдениеттанудың өзегі. Бұл салада зерттеу жүргізген ғалымдар тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің көрінісі, ұлттың танымы мен дүниетанымын жеткізуші құрал екенін дәлелдеген. Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген қазақ ғалымдары Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Г.Смағұлова, А. Ислам, Г. Исаева т.б. еңбектерін атап айтсақ болады.

Лингвистикадағы концепт ұғымы мен концептілік өріс түсінігінің аясында «отбасы», «шаңырақ» концептісі біраз ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді. Қытай және қазақ халықтарының дүниетанымы мен мінез-құлқынан дерек беретін және ұлттық ерекшелігін айқындайтын феномендері бар. Олар – қытай халқында «есік» (门) микроконцептісі болса, қазақ халқында «шаңырақ» микроконцептісі.

«Шаңырақ» концептісін баспана микроконцептісі тұрғысынан қараған А. Ислам зерттеу жұмысында жалпы шаңырақты атадан әкеге, әкеден балаға мұра ретінде берілетін үлкен үй деп қарастырған (Ислам, 2004).

Қытай халқының этномәдени ерекшелігін, ұлттық дәстүрі мен ұлт болмысын тіл арқылы танып білу Цуй Ианбин, Жоу Югуань, Цын Юань қатарлы қытай тіл мамандарынан басталды. Біз қарастырып отырған тақырып бойынша Таң Гаң, У Юишың, Бан Гуджуань, Иан Шыгу қатарлы ғалымдар тереңдеп қарастырған.

Киіз үй – тек қазақ мәдениетінің құнды қазынасы ғана емес, әлем өркениетінің де қайталанбас феномені екені мәлім. Қазақ халқының дүниетанымынан дерек беретін киіз үйдің «шаңырақ» концептісін қазақ тілінің этномәдени концептісінің басты көрсеткіші әрі осындай феномендердің ең бір көрнектісі деуге болады. Г.С. Исаева: «Шаңырақ қазіргі қазақ тілінде кездесетін тұрақты оралымдарда «киіз үйдің негізгі құрылымдық элементі» деген бастапқы мағыналық сипатпен қатар, ерекше ұлттық ақпаратты да білдіреді. Сол себепті киіз үйдің

құрылымдық элементін когнитивті тұрғыдан қарастыру барысында, шаңырақ ұғымын өзара танымдық аспектіде зерделей келе, оны этномәдени концепт деп қабылдаймыз» (Исаева, 2009: 61), – деген. Қара шаңырақтың этнолингвистикалық тұтастығы қазақ халқы үшін қасиетті. «Қара шаңырақ» – үлкен үй, адамның өсіп-өнген, ұшқан ұясы (Кеңесбаев, 2007). Шаңырақ – қазақ мәдениетінің ұлттық болмысын бейнелейтін лингвомәдени бірліктердің бірі. Қазақ танымында шаңырақ тек киіз үйдің бір бөлігі ғана емес, символдық мағынасы бар сакралды ұғым. Шаңырақ – ұрпақ сабақтастығын білдіретін қазақ мәдениетінің биік үлгісі. Осыған байланысты қазақ халқында «отау тігу», «шаңырақ көрсету» сияқты дәстүрлер қалыптасқан. Сонымен бірге «шаңырақ иесі», «шаңырағы берік», «шаңырағы биік», «шаңырағы бар», «шаңырақ көтерді», «шаңырағы ортасына түсті», «шаңырағына ат ойнатты», «шаңырағы қирады», «қара шаңырақ» сияқты тұрақты тіркестер де қалыптасқан. Қазақ тіліндегі «шаңырақ» сөзі кең лексика-семантикалық және когнитивтік өріске ие. Ол «отбасы», «әулет», «үй», «отау», «Отан», мемлекет, білім ордасы сияқты мағыналарды да білдіреді (Темиргазина, 2022: 270). Шаңырақ отбасы мағынасын білдіріп қана қоймай, бүкіл бір әулет, ұлыстың, бір елдің де символы ретінде қалыптасқан.

Нәтижелер және талқылау

Қытайда есік (门) Қытайдың дәстүрлі сәулет өнерінің ажырамас бөлігі болып қана қоймай, оның пішіні, саны, материалы, түсі мен безендірілуі арқылы онда қытай халқының ғасырлар бойы қалыптасқан «әдеп» таңбалары да айқын көрініс табады. Есік мұрагерлік, трансформация және интеграция рөлін атқарады. Швед ғалымы Ширенлун «Пекин қаласының тамдары мен қақпалары» кітабының алғысөзінде: «Қақпалар (есік) өткеннің ізі мен жазбаларынан мол деректерге толы» деп жазды (奥斯特伍尔德, 1985: 89). Екінші жағынан ол әртүрлі қоғамдық қатынастарды көрсетеді. Адамның әлеуметтік қарым-қатынасындағы тектілік, жақындық, үлкен-кішілік, құрметтілік пен төмендік сияқты психологиялық факторлар есіктер арқылы терең сипатталып, есіктің бай мәдени символдық мәнін айқындай түседі.

Ежелден қытай халқының есікке байланысты ырым-салттарынан қытайдың этномәдени таңбаларын көптеп кездестіреміз. Қытайлар үйінің ауласын да қоршау жасап, оған үлкен қақпа қойып, өз территориясын қорғап отырған. Қытайдағы әлемге әйгілі сәулет құрылысы «Ұлы қорғанның» салынуы да олардың сыртқы күштерден қорғану мақсатында екені белгілі. Бұл олардың мінез-құлқындағы еңбекқорлықты, ұқыптылықты және сақтанғыш қасиеттерді айқындаса керек.

«Есік» (门) этномәдени концептісі қытай мәдениетінен дерек беретін маңызды феномен деп санау артық емес. Ежелгі Қытайда жөн-жосық, қалыптасқан қоғамдық ортаның әдеп қағидаттарын бұлжытпай ұстауға ерекше назар аударатын. Атап айтар болсақ, жоғары жік өкілдері мен төменгі жік өкілдері, қожайын мен жалшы немесе малайы арасында, ағайындар мен достар арасында бұлжытпай орындауға тиіс адалдық пен қамқорлық, мейірімділік пен әділдік сынды қағидаттарды айтуға болады. Сонымен қатар әлеуметтік дәрежесі мен жағдайы да есік арқылы көрінген. Қытай дүниетанымында «есік» (门) – үйдің негізгі элементтерінің бірі ретінде ежелгі Қытай қоғамының әдеп қағидаттарынан мәлімет бере алатын маңызды нысан. Сол себепті бір үйдің сыртқы есік мен қақпасына қарап, сол үй иесінің қоғамдағы орны мен мансап деңгейін, әлеуметтік жағдайын біле алатын болған. Есіктің материалы, түсі, есіктің шегесінің саны, ілгегі, есікке салынған жануардың бейнесі, әшекейлерінің барлығы да мәдени коннотацияға ие. Ашып айтар болсақ, ежелгі Қытайда патшалардың, хандар мен бектердің және олардың туматуысқандарының есігі қызыл және сары түстермен боялатын болған, өйткені қытай мәдениетінде қызыл мен сары түстердің мәні билік пен байлықтың символы болып саналады. Одан кейінгі бірінші және екінші дәрежелі билік өкілдерінің есігі жасыл түспен, үшінші, төртінші дәрежелі мансаптылардың есігі жылтыр қара бояумен боялатын болған, одан төменгілерінің есігі жәй қара есік, яғни боялмаған. Қытай тілінің лексиконындағы 朱门 zhumen қызыл есік (қақпа) сөзі кейін келе алғашқы лексикалық мағынасынан бөлек, мансаптылар мен бай манаптарды меңзейтін ауыспалы мағынаға ие болған (吴裕成, 2004). Мысалы: Қытайдың ежелгі әйгілі ақыны 杜甫 Ду Фу -дың 朱门酒肉臭 zhumen jiu rou chou, 路有冻死骨 lu you dongsi gou өлең жолдарында 朱门

(қақпа) zhumen қызыл есік сөзі мансаптылар немесе бай манаптар мағынасында қолданылып тұр. *Аудармасы:* Қызыл есікте (мансаптылардың үйінде) арақ пен ет сасып жатыр, көшеде үсіп өлген (аштықтан) өлік жатыр. Бұл өлең жолдарында қоғамдық жіктің ерекше алшақ өмір сүру деңгейін салыстыру арқылы образды жеткізуді көздеген. Қытайдың төрт ұлы классикалық шығармаларының бірі саналатын «Қызыл сарай түсіндегі» кейбір әңгімелер толығымен есіктің (门) иерархиялық жүйесіне сәйкес жазылған. Мысалы: қожайын мен малайлар бір есіктен кіріп шықпайды. Осы романдағы Цзя сарайының негізгі кіреберісі де иерархиялық жүйеге негізделген. Қарапайым адамдар алдыңғы есіктен кіре алмайды, бірақ бұрыштық есіктен өтуге мәжбүр. Алдыңғы есіктен тек кәніза Юань ғана өте алады. Ауылдан келген туысы Лю әжей үнемі артқы есіктен өтеді. Әжесі Рунго сарайына екінші рет кіргеннен кейін, оны жіберген жер бұрыштық қақпа болды. Артқы есіктен бұрыштық қақпаға ауысу Лю әженің Цзя әулетіндегі жағдайының белгілі бір дәрежеде жақсарғанын көрсетті. Автордың ізденісі бойынша «Қызыл сарай түсі» романындағы 120 тараудың 116-сының сюжеті бастан-аяқ есіктер немесе есіктен кіріп-шығатын кейіпкерлер арқылы сомдалады. Қарап отырсақ, «есік» бір жағынан қоғамдық байланыстың статусын білдіретін құралы қызметін атқаратындығын байқаймыз.

Неміс антропологы Липпе «Заттардың пайда болуы» еңбегінде атап өткендей: «Алғашқы адамдар анимизм мен елестерге толы әлемде өмір сүреміз деп сенеді, табиғаттың тікелей қауіп-қатеріне ұшырайтынын жақсы біледі. Сондықтан да «үй» туралы ұғымы табиғатты толық түсінетін өркениетті адамдарға қарағанда ауқымды әрі терең» (利普斯, 2000). Ежелгі заманда адам санасы жетпейтін, тылсым дүниелер тым көп болғандықтан, оларды тек табиғаттан тыс тылсым әлемге жатқызған. Әрқашан дүниедегі барлық нәрселерге құдіретті күш үстемдік етеді деп есептелді. Құдайлар мен аруақтарға деген құрметі мен үрейін қандай да бір формада, белгілі бір құралдармен білдіру қажет болды

Есік – үйдің сыртқы әлеммен байланысатын кіретін және шығатын орны. Ол «үй» мен «сыртқы әлем» арасындағы дәнекер. Демек, сыртқы әлем мен үй іші арасындағы анонимдік шекара адамдардың кіру-шығуын жеңілдетіп, әртүрлі қоғамдық жұмыстармен айналысып, үйді сырттан қорғап қана қоймайды, сонымен қатар ол ежелгі қытай халқының танымында рухани әлемдегі жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің яғни жақсылық әкелетін періштелер мен жамандық әкелетін ібіліс, жындардың кіретін шығатын өткелі ретінде қытай халқының санасында қалыптасты. Сондықтан қытай танымында есік үйдің ең қастерлі және маңызды бөлігі болып табылады және оған үйдің киелі бөлігі ретінде табынатын болған. Сол себепті де есікке салынатын суреттер ежелгі қытай халқының бақыт пен байлыққа, жақсылық пен сәттілікке деген тілегін білдірген. Есікке қытай наным-сенімі негізінде жамандықтан, зұлым күштерден қорғау миссиясы бар аңыз кейіпкерлер немесе аңызға айналған батыр тұлғалардың суреті, байлық шақыратын бала періште суреті салынады. Биліктегі адамдар қылмыс жасаса, бүкіл әулетіне апат әкелетін жағдайды 门诛 menzhu (门 есік + 诛 жазалау) деп атаған. Әулетке келген қарғыс, нала, пәле-жала есіктен кіреді деген мағынада қолданылады.

Ежелгі Қытайда есіктерді орнату қатты суық пен ыстыққа, боран мен бұрқасынға төтеп беріп қана қоймай, жыртқыш аңдардың адамдарға шабуыл жасауына жол бермеді, сонымен қатар жылуды жақсы сақтады. Ең бастысы, адамның физиологиялық және рухани эволюциясы мен дамуы барысында есіктердің орнатылуы аралас топтарда өмір сүретін адамдарға салыстырмалы түрде жабық кеңістікте тайпалар мен тұрақты топтар құруға мүмкіндік берді. Бұл адамның негізгі әлеуметтік тобының негізі болған «отбасы» формасының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл негізгі форма қалыптасқан соң, ол үлкен отбасы (әулет) болып қалыптасады, одан кейін туыстық тәртіптер мен отбасылық жүйелер тізбегі қалыптасады, ал одан әрі отбасы ұғымынан елдік ұғымға дамып ұласады (Турсынали, Джельдыбаева, 2022). Қытай дүниетанымы бойынша бір үйдегі немесе бір үлкен отбасы адамдарының бір есіктен кіріп, бір есіктен шығатын схемасының мидағы көрінісі есік (门) лексемасының метафора арқылы топтасуының тілдегі көрінісі деп тани аламыз. Өйткені қытай дәстүрлі мәдениетінде қандастық туысқандықты негіз етіп, бір әулеттің бір үлкен аулада тұруы қоғамдық дәстүрге айналған. Ал осы бір әулеттің ұйысып отырған ауласының үлкен есігі (қақпасы) қытай дүниетанымында сол әулеттің немесе үйдің қоғамдық статусын белгілейтін және салт-дәстүрі мен наным-сенімдерінің айғағы ретінде

ең маңызды элементі болып саналады (班固撰, 颜师古注). Қытайдың ежелгі дәуір ақыны Бай Жуийдың 谁家起第宅, 朱门大道。主人此中坐, 十载为大官。(жолдың бойына қарап тұрған қызыл түсті қақпа кімнің үйі десеңіз, сол үйдің қожайыны жоғары мансаптылардың бірі екені күмәнсыз) өлең жолдарынан қызыл қақпаның қоғамдағы орны жоғары, үлкен мансаптылардың үйі болатынын біле аламыз (班固撰, 颜师古注).

Қазақ тіліндегі «шаңырақ» концептісін алып қарасақ, қазақ тілінде де шаңырақ бір әулетті, бір отбасын меңзейтіндігін жоғарыда айтып өткенбіз. «Шаңырақ» этномәдени концептісінің когнитивтік моделін Г.С. Исаева «шаңырақ – баспана»; «шаңырақ – отбасы»; «шаңырақ – кіші элем»; «шаңырақ – обсерватория» деп бірнеше микроконцептіге бөлген. «Шаңырақ – баспана»; «шаңырақ – отбасы» қазақ тілінде бір шаңырақ астындағы адамдар (бір әулет, бір отбасы) деген ұғымды білдіреді. «Шаңыраққа кара» (кімнің отбасында екенінді біл), «шаңырағың шайқалмасын», «кара шаңырақ (үлкен үй)» тіркестері арқылы аңғаруға болады. Бұл тұста «шаңырақ» ұғымының мағынасы қытай тіліндегі есік (门) сөзіне қарағанда кеңірек екенін байқаймыз. Қазақтың ұлттық дүниетанымында «шаңырақ» ұғымы «отбасы» ұғымынан басталып, бір ел «Отан» мағынасына кеңейеді. Мысалы: «алтын шаңырақ» тіркесі туған елді, отанды білдіреді.

Қазақ халқы үшін шаңырақтың тура мағынасынан бөлек «отбасы», «ұрпақ» деген метафоралық жанама мағынасы да бар. Мысалы, тұрақты тіркестерде: *шаңырақ көтеру* (тура мағынасы: «киіз үйді тұрғызғанда шаңырақты көтеру») – «жана отбасы құру, үй болу»; *қара шаңырақ* – «әке үйі (ұлдарға қатысты)»; *шаңырағы ортасына түсті* (тура мағынасы: «шаңырақ киіз үйдің ортасына құлады») – «отбасының тірегінен айырылу, шаңырақтың күйреуі»; *шаңырағына ат ойнату* (тура мағынасы: «шаңырағында ат жүргізу») – «үйін, отбасын күйрету»; *шаңырақ иесі* – «отбасы басшысы» (<https://sozdik.kz>); қазақ тіліндегі «қара шаңырақ» сөзі атадан балаға мұра болып қалатын үй дегенді білдіреді. Дәстүр бойынша үлкен ұлдар үйленгенде жеке отау болып, еншісін алып бөлініп шығады да, кенже ұл қара шаңырақ иесі әрі мұрагері болады. Мал-мүлікке ие болумен бірге, ол қара шаңырақтың барлық жауапкершілігін өз мойнына алады. Қазақтар үшін қара шаңырақ қасиетті әрі құрметті ұғым болып саналады.

Шаңырақты киелі санайтын қазақ халқының дүниетанымы мен наным-сенімдерімен байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлері мен ырым-жырымдары баршылық. Айталық, шаңырақ көтеріп жатқанда сөйлемеу керек, өйткені шаңырақ көтеру ерекше маңызға ие киелі жұмыс. Үй тіккен кезде шаңырақты ер адам көтеріп ұстауы керек, ұлы үйленіп отауын тіккенде шаңырақ көтерді деп айтады. Ер адам үйдің иесі, басы болғандықтан ер адамның ұстағанын лайық көруі заңды. Одан басқа үйге құт құйылсын деген ырыммен шаңыраққа үрлеген қойдың қарынын іліп қоятын болған.

Қытайлар инь-ян іліміне негізделіп, әлемдегі заттардың барлығы 阴(инь) 阳(ян) тепе-теңдігін сақтау керек деген философияны ұстанады. Ерлер ян болса, әйелдер инь болады. Тақ сандар ян болса, жұп сандар инь саналады. Міне, осы философиялық ілім негізінде қалыптасқан есікке (қақпа) байланысты салт-дәстүрлері баршылық. Қытай халқы қақпаларының берік болуы үшін іш жағынан бірнеше жерден ені төрт-бес елідей кеңдіктегі ағаш немесе метал тақтайшаларды жуан шеге қағып бекітеді. Шегенің басы есіктің сырт жағында болғандықтан әсемдік үшін оны үлкендеу етіп, түрлеп әшекейлеп жасайтын болған. Шеге саны мен шегенің қандай металдан жасалғандығы да үй иесінің мансабы мен дәрежесіне қарай болады. Тақ сандар, яғни ян сандардың ішінде 9 саны ең үлкен сан болғандықтан, сандардың ішінде тоғыз санын қасиетті сан деп танып, ерекше қадір тұтады. Сол себепті де патшалардың, хандар мен бектердің есігінде көлденеңінен тоғыз шеге, тігінен тоғыз шеге, жалпы сексен бір шеге қағылатын болған. Одан кейінгі дәрежелеріне қарай шегенің саны да азая береді. Қара халықтың есігінде шеге болмайды. Сол себепті де 白丁儿 baidinger (сөзбе-сөз аударма мағынасы – «ақ шеге» яғни шегесіз жәй қақпа) сөзі қара халықты меңзейтін болған. Осыған байланысты қытай халқы арасында 摸门钉(есік шегесін сипау) салты қалыптасқан. Яғни, бала сүюді армандап жүрген жас әйелдер мансаптылар мен бай манаптардың есігіндегі шегені барып сипалайтын болған. Бір себебі болашақ дүниеге келетін балам атқа мінер ел ағасы болсын деген тілек болса, енді бір

себебі, шеге дегендегі 钉ding отбасының бір мүшесі, баланы білдіретін 人Trending сөзімен дыбыстық ұқсастығы тұрғысынан басымызға бас қосылсын деген тілек жатқандығы мәлім. Патша сарайының есігіне қағылған шеге алтыннан жасалады. Одан кейінгілері мансабының дәрежесіне қарай күміс, мыс, жез, темір болып келеді. Бұл жазылмаған тәртіптерді бұзғандар қудалануы да мүмкін.

Бұдан басқа, мереке, мейрамдарда есікке мерекеге арналған тақпақтар және «福» бақыт мағынасын білдіретін иероглиф каллиграфиясын төңкеріп төмен қаратып жапсырып қояды. Өйткені мұны көрген адам бірден 福倒了fu daole (сөзбе-сөз мағынасы: 福 әріпі төңкеріліп қалыпты) деп айтады. Бірақ бұл сөз дыбыстық жағынан 福到了(бақыт келді, бақ қонды) сөзімен бірдей естілетіндіктен, сөздің сиқырлы күшіне сенетін қытайлар бақыт келдіге балап, ырымдайды, содан осындай әдет қалыптасқан. Жаңа жылдың бірінші күні тауықтың, балықтың суретін есікке жапсырады, қабыр сыпыру мерекесінде есікке тал қыстырып қою, Дуан У мерекесінде есікке 艾草 aichang (дәрілік шөп) іліп қою тағысын тағылар. Қытай халқының дүниетанымы бойынша бақ пен байлық, жақсылық болсын мейлі жамандық, пәле жала дегендердің барлығы есіктен кіреді деген сенім қалыптасқандығын көре аламыз.

Қазақ халқында бақ, береке немесе бәле-жала, жамандық дегендер шаңырақтан кіреді деген ұғым бар. Жаңа туылған нәрестенің шетінеуін алып қарақұс немесе албастының қастандығымен байланыстыратын қазақ танымында сол жауыз күштер киіз үйдің шаңырағынан кіріп нәрестенің жанын алып кетеді деген сенім қалыптасқан. Соған байланысты қалыптасқан ырым-жырымдар да бар. Мысалы: жаңа туылған баланы жөргекке орап, жіппен байлайды да оны жеті киіз үйдің шаңырағы немесе жеті қарияның тақымының астынан өткізетін болған; жаңа босанған әйел мен нәрестені алып қарақұс пен албасты алып кетуден сақтау үшін алғашқы күндері киіз үйдің түндігін жауып қоятын болған (Каракузова, Хасанов, 1993).

Есік қытай халқы үшін шаңырақ – өрлеу мен құлдыраудың, ата-баба құрметіне ғана емес, келешек ұрпақтың өркендеуі үшін де мәртебеге сай безендірілген әлеуметтік айқын мінез-құлық санасы (沈卓亚, 江南大学, 2008).

Қытайлар есіктің табалдырығына да ерекше мән берген. Табалдырықтың биік не аласа болуы, әшекейленуі, сол үй иелерінің қоғамдағы орнына, әлеуметтік жағдайына байланысты болған. Ежелгі қытайда ауқатты отбасыларын 有门槛人家 you menkan renjia (сөзбе-сөз аударсақ: Табалдырығы биік отбасы) деп атайтын болған. Қытайларда да қазақтар секілді есіктің табалдырығын басуға болмайды деп ырымдайды. Қытай тіліндегі «қырсық шалу» мағынасын білдіретін 倒霉 daomei сөзі де есіктің маңдайшалығына байланысты қалыптасқан. Яғни 倒楣 daomei «маңдайшалықтың құлауы» сөзінен келіп шыққан. Миң династиясы кезінде 科举制度 keju zhidu (академиялық тестілеу режимі) бойынша мансапқа отыру үшін ғылыми тестілеуден өтетін болған. Егер емтихан тапсырушы жергілікті іріктеу емтиханынан өткен болса, есігіне тігінен ту тігіп, оған 捷 jie иероглифін жазып қояды, келесі орталықта өтетін шешуші сынақтан сүрінбей өтсе, онда есікке көлденеңінен бір ту қосып шаншып қояды. Егер өтпей қалса, алдыңғы тіккен туын да алып тастайды. Осы әрекетті ежелгі қытай тілінде 倒楣 daomei (қақпаның маңдайшалығының түсірілуі) деп атаған. Кейін келе 倒楣 daomei «маңдайшалықтың түсірілуі» сөзі дыбыстық ұқсас болғандықтан «қырсық шалу» мағынасын білдіретін 倒霉 daomei сөзінің қалыптасуына негіз болған.

Қазақ ұлтында жаңа үйленген жас отбасын жеке шаңырақ көтертіп бөлек отырғызады, ол жаңа отаудың құрылғаны, жаңа бір шаңырақтың көтерілгенін білдіреді.

Қазақ халқында да бір отбасының қоғамдық орнының өрлеуі мен құлдырауы, беделі сынды ұғымдар шаңырақ лексиконымен бейнеленген тіркестерде кездеседі. Мысалы, жаңа үйленген отбасына «шаңырағың биік болсын» деп тілек айтады. Бұл отбасының қоғамдағы беделі биік болсын деген мағынада екені белгілі.

Жаңа отбасында сәбидің дүниеге келуі – әрбір халықтың мәдениетінде үлкен қуаныш пен маңызды оқиға. Қазақ халқының дәстүрінде бұл ерекше мәнге ие. Әсіресе, ұл баланың дүниеге келуі – тек бір жанның өмірге келуі емес, шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы, атаның мұрагері келді деп қабылданған.

Ежелгі қытайда ер бала дүниеге келсе, сол отбасы есігінің сол жағына садақ іліп қоятын болған. Әрине, садақ сол заманда ерлердің қаруы, жанбағу үшін аң аулайтын құралы болғандықтан, бала кезінен садақ атуға жаттығып, қолынан тастамай алып жүреді. Сол себепті де ер баланың символы ретінде қарастыруға негіз бар. Ал қыз бала дүниеге келсе, үлбіреген мата жаулықты есіктің сол жағына іліп қоятын болған. Бұл, әрине, қыз баланың нәзіктігінің символы. Ер баланың орнын жоғары қоятын ежелгі қытайлар танымында сол жақты құрмет тұтатыны осымен тікелей байланысты, қытайда патшалардың сол қол уәзірлерінің орны оң қол уәзіріне қарағанда жоғары тұратыны да осыдан болса керек. Біз «оң-солы» деп айтсақ, олар «сол-оңы» 左右 zuoyou (左 zuo сол жақ, 右 you оң жақ) деп айтатыны дәл осы дүниетанымның тілдегі көрінісі екені күмән тудырмайды. Демек, бұл есіктің қытай мәдениетінің, наным-сенімдерінің, дүниетанымына байланысты ырым, салттарының есік арқылы көрініс тауып отырғанын айғақтай алады.

Отбасының абыройын асқақтатып, шаңырақтың мақтанышына айналған істер 光大门楣 guangda menmei (сөзбе-сөз аударғанда: есік маңдайшалығының кеңейуі) деп аталады. Қазақ тілінде, әрине, мұндай ұғымдар шаңырақ сөзімен байланысты тіркестер арқылы беріледі. Мысалы: *шаңырағы биік, шаңырағыңнан шаттық кетпесін, шаңырағы көкке жету*.

Жас жұбайлар үйленген соң үш күннен кейін қыздың үйіне төркінге қайту салтын 回门 huimen (есікке қайту), жігіт қайын жағымен күшік күйеу болып бірге тұрса, 上门郎 shangmenlang (есікке келген жігіт) немесе 倒插门 daochamen деп атаған. 倒插门ның мағынасы: есіктің ілгегі сыртынан орнатылып, сыртынан іліп қою, бұл қалыптан тыс санаға қонбайтын әрекет. Қалыптасқан стереотип бойынша қыз бала жат-жұрттық, ұзатылып басқа бір отбасына барады. Ал жігіттің қыздың үйіне барып тұруы теріс қылық саналады. Осы әрекетті ілгекті есіктің сыртынан орнатуға ұқсатып, метафоралық жолмен қалыптасқан дағдылы тіркес. Қыз баланың тұрмысқа шығуын 出门子 chumenzi (есіктен шығу) деп атаған. Қарап отырсақ, қытай тіліндегі есік морфемасымен жасалған, отбасының қыз ұзату, тұрмыс құру сынды сияқты келелі мәселелері есік ұғымымен тығыз байланыста фразеологиялық тіркестер аз емес.

Шаңырақ – кіші әлем деп қарастырған қазақ ғалымдары «шаңырақты» шексіз әлемнің белгісі деп таныған. Киіз үйдің шаңырағы күн болса, уықтары оның шашыраған сәулесі. Шаңырақтың ортасындағы айқасып өтіп төрт құбыланы көрсетіп тұрған күлдіреуіштері шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік төрт бағытқа созылып, төрт атыраптың бағытын білдіреді. Шаңырақтың үстін түнде жауып қойып, күн шыққанда түсіріп қояды. Күннің нұры шаңырақ арқылы үйге түсуіне ерекше мән берген. Көшпенділер философиясы әлемнің шексіздігін шаңырақ тоғынының шеңберлі формада берілуімен байланыстырған деп пайымдаймыз (Исаева, 2009: 65).

Қазақтардың баспанасын кеңістік әлеммен бөлектемей бір формада жасағаны, олардың дарқандығы мен ержүректігін, шексіз кеңістікке ұмтылатын, еркін халық екенін аңғартса керек. Қазақ халқы шаңырақ арқылы мезгілді бақылап, астрономиялық тұрғыда уақыттың жылжуын, төрт мезгілді, күн мен айды, жұлдыздарды зерделеген.

Қорытынды

Есік (қақпа) күллі адамзат үшін шексіз сыртқы әлемдегі көптеген белгісіз қауіптерге тосқауыл қоятын және отбасы меншігі үшін маңызды қорғаныс есептеледі. Құрылыс функцияларының қажеттіліктерін ескере отырып, оған архитектуралық пішін, географиялық климат, өмір салты, тұрғын үй қажеттіліктері, құрылыс индустриясының дамуы және өнеркәсіптік өндіріс технологиясының жетістіктері сияқты көптеген факторлар әсер етеді. Сондай-ақ әртүрлі аймақтар мен өңірлерге тән әртүрлі сипаттамалары мен стильдері бар екенін көрсетеді. Қытайдың дәстүрлі ғимараттарының есіктері «жасау әдісі» мен «жасау ережелерінде шағын ағаш бұйымдары» ретінде жіктелсе де, олардың символдық мәні тривиальды емес. Дегенмен Қытай халқының танымында қалыптасқан этномәдени модельдер оны Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің жарқын тасымалдаушысы және маңызды мәдени мұра етеді. Есік пішіні арқылы монарх пен министрдің ғұрыптық жүйесінің әсерінен кемелдікке шақыру, симметрияға көңіл бөлу, береке, мейірімділік, ізгілік, әділдікке ұмтылу т.б ұғымдарды білдіреді. Бұл түсініктер адамдардың күллі дүниені тану түсінігіне еніп, дәстүрлі Қытай мәдениетін көрсету

формасына айналды. Мұның бәрі табиғи түрде әртүрлі тұрмыстық дағдылардың, салт-дәстүрлердің қалыптасуына негіз болды. Есіктің формасы мен мазмұны тарих пен мәдениеттен дерек береді. Есіктегі оюлар, әшекейлер мен түс схемалары әртүрлі дәрежеде ежелгі мәдени коннотацияны, феодалдық ғұрыптарды, этиканы, идеалды ұмтылыстарды және т.б. көрсетеді. Есіктің пішіні сонымен қатар әртүрлі аймақтардағы әртүрлі этникалық топтар мен әртүрлі діндердің ерекшеліктерін де көрсетеді.

Қазақ халқының дүниетанымында «отбасы» концептісіндегі маңызды ұлттық феноменге ие *шаңырақ* пен Қытай халқының танымындағы *есік* концептісінің когнитивтік моделіндегі «баспана» және «отбасы» мағынасында ұқсастықтарды байқаймыз. *Шаңырақ* кіші әлем моделін қалыптастырса, қытайда *есік*, керісінше, сыртқы әлем мен ішкі әлемді оқшаулайтын қорған моделін қалыптастырады. Сонымен қатар есік қытай халқының танымында қоғамдық статус пен адамдар арасындағы қарым-қатынастың айқын көрсеткіші. Ал қазақ халқының дүниетанымы «шаңырақ – обсерватория» когнитивтік моделінің болуымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

- Исаева Г.С. «Шаңырақ» этномәдени концептісінің когнитивтік моделі // Известия НАН РК 2009. – №4.
- Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. д-ры дис., 10.02.02. – Алматы, 2004. – 340 б.
- Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 82 с.
- Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: культурные концепты. – Волгоград-Архангельск, 1996. – 331 с.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007.
- Темиргазина З., Рахимжанов К., Ақошева М. Семантика семьи в казахских свадебных тостах с точки зрения межкультурной коммуникации // Метафора и социальный мир. – Том 12. – Вып. 2. – Октябрь 2022. – С. 270-291.
- Турсынали Ж., Джельдыбаева Р.Б. / Қазіргі қытай тіліндегі көптік мағынаны білдіретін “门” жұрнағының морфологиялық көрсеткіш ретінде қалыптасуының тарихи-этномәдени танымдық негізі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы: Полилингва, 2022.
- Aosiwuerde, Xi Renlong zhu, Xu Yongquan yi. (奥斯伍尔德·喜仁龙著,许永全译.) 《北京的城墙和城门》北京:北京燕山出版社, 1985. P. 1.
- Ban, Gu (班固撰), 颜师古注. 《汉书》北京:中华书局出版社 1983, P. 78.
- Chen, Yuan (陈原) 《语言与社会生活——社会语言学札记》.北京:三联书店 1980. P. 1
<https://xueshu.baidu.com/usercenter/paper/show?paperid=bcb9b842494080665ea6bcbd6e45df2b&site=xueshuse>
- Lips (利普斯). 《事物的起源》[M]. 汪宁生译. 兰州: 敦煌文艺出版社, 2000. Pp. 1–2.
- Shen, Zhuoya (沈卓亚) 《中国门文化特性的系统研究》.江南大学 2008, P. 67.
- Tang, Gang (唐刚). 《中国传统门文化》[硕士学位论文]. 浅析“门”的隐含意义. 《四川师范大学学报》(社会科学版), 2008, 12(增刊): Pp. 82–84.
- Wu, Yucheng (吴裕成.) 《中国的门文化》. 天津: 天津人民出版社, 2004. P. 272.
- Yegizbayeva, M.A., Meirmanova, G.A. (2019) / The yurt and world view features of the Kazakhs. Farabi Journal of Social Sciences, 3(3), Pp. 24-28. Retrieved from <https://jhumansoc-sc.kaznu.kz/index.php/1-urasian/article/view/349Sciences>.

References

- Aosiwuerde, Xi Renlong zhu, Xu, Yongquan yi (1985) Beijing de chengqiang he chengmen. Beijing: Beijing Yanshan Chubanshe. 8: 1. [Oswald Sirén (1985) The Walls and Gates of Beijing. Translated by Xu Yongquan. Beijing: Beijing Yanshan Publishing House. P. 1.] (in Chinese)
- Ban Gu, Yan Shigu zhu. Hanshu (1983) Beijing: Zhonghua Shuju Chubanshe, 1983, 6: 78.[Ban Gu (compiled), Yan Shigu (annotated). The Book of Han (Hanshu). Beijing: Zhonghua Book Company. Vol. 6. 78 p.] (in Chinese)
- Chen, Yuan (1980) Yuyan yu shehui shenghuo – Shehui yuyanxue zaji. Beijing: Sanlian Shudian. 1. [Chen, Yuan (1980) Language and Social Life: Notes on Sociolinguistics. Beijing: SDX Joint Publishing Company. P. 1.] https://xueshu.baidu.com/usercenter/paper/show?paperid=bcb9b842494080665ea6bcbd6e45df2b&site=xueshu_se (in Chinese)
- Isayeva, G. (2009) «Shangyraq» jetnomadeni konceptisining kognitivtik modeli. Izvestija NAN RK. No. 4. [Isayeva, G. (2009) The Cognitive Model of the Ethnocultural Concept “Shanyraq”. Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. No. 4. P. 66.] (in Kazakh)

- Islam, A. (2004) Ul'tyq madeniet kontekstindegi duniening tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): Filol. gyl. d-ry dis., 10.02.02. Almaty. 340 b. [Islam, A. (2004) The linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural analysis): Author's abstr. of Doct. of Philol. Sci. dis. Almaty. 340 p.] (in Kazakh)
- Karakuzova, Zh.K., Hasanov, M.Sh. (1993) Kosmos kazahskoj kul'tury. Almaty: Yevrazija. 82 s. [Karakuzova, Zh.K., Khasanov, M.Sh. (1993) The Cosmos of Kazakh Culture. Almaty: Eurasia. 82 p.] (in Russian)
- Karasik, V.I. (1996) Kul'turnye dominanty v jazyke. Jazykovaja lichnost': kulturnye koncepty. Volgograd-Arhangel'sk. 331 s. [KarasiK, V. I. (1996) Cultural Dominants in Language. Linguistic Personality: Cultural Concepts. Volgograd-Arkhangelsk. 331 p.] (in Russian)
- Kengesbaev, I. (2007) Frazeologijalyq sozdik. Almaty: Arys. [Kenesbaev, I. (2007) Phraseological Dictionary. Almaty: Arys Publishing House.] (in Kazakh)
- Lips, Shiwu de qiyuan (2000) Wang Ningsheng yi. Lanzhou: Dunhuang Wenyi Chubanshe. 1-2. [Lips, J.E. (2000) The Origin of Things. Translated by Wang Ningsheng. Lanzhou: Dunhuang Literature and Art Publishing House. Pp. 1-2.] (in Chinese)
- Shen, Zhuoya (2008) Zhongguo men wenhua texing de xitong yanjiu. Jiangnan Daxue. 67. [Shen, Zhuoya, (2008) A Systematic Study of the Characteristics of Chinese Gate Culture. Jiangnan University. 67 p.] (in Chinese)
- Tang, Gang (2008) Zhongguo chuantong men wenhua [Shuoshi xuewei lunwen]. Qianxi "men" de yinhan yiyi. Sichuan Shifan Daxue Xuebao (Shehui Kexue ban). 12 (zengkan): 82-84. [Tang Gang (2008) Traditional Chinese Gate Culture. Master's thesis, Sichuan Normal University; An Analysis of the Implicit Meaning of "Gate". // Journal of Sichuan Normal University (Social Sciences Edition). No. 12 (Supplement). Pp. 82-84.] (in Chinese)
- Temirgazina, Z., Rakhimzhanov, K., Akosheva, M. (2022) Semiotika semi v kazahskih svadebnyh tostah s tochki zrenija mezkul'turnoj kommunikacii. Metafora i socialnyj mir. Tom 12. Vyp. 2. Oktjabr'. S. 270-291. [Temirgazina, Z., Rakhimzhanov, K., Akosheva, M. (2022) The Semiotics of Family in Kazakh Wedding Toasts from the Perspective of Intercultural Communication. // Metaphor and the Social World. Vol. 12. Issue 2. October. Pp. 270-291.] (in Russian)
- Tursynali, Zh., Zheldybayeva, R.B. (2022) Qazirgi qytaj tilindegi koptik magynany bildiretin «men» zhurnagynyng morfologijalyq, korsetkish retinde qalyptasuynyng tarihi-jetnomadeni tanymdyq negizi. Abylaj han atyndagy QazHQ zhane ATU Habarshysy. Filologija serijasy. Almaty: Polilingva. [Tursynali, Zh., Dzheldybayeva, R. B. (2022) The Historical and Ethnocultural Cognitive Foundations of the Formation of the Suffix "ǰ" as a Morphological Marker of Plurality in Modern Chinese. // Bulletin of Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Series "Philological Sciences". Almaty: Polilingva Publishing House.] (in Kazakh)
- Wu, Yucheng (2004) Zhongguo de men wenhua. Tianjin: Tianjin Renmin Chubanshe. 272. [Wu, Yucheng (2004) The Culture of Gates in China. Tianjin: Tianjin People's Publishing House. 272 p.] (in Chinese)
- Yegizbayeva, M.A., Meirmanova, G.A. (2019) The yurt and world view features of the Kazakhs. Farabi Journal of Social Sciences, 3(3), 24-28. Retrieved from <https://jhumansoc-sc.kaznu.kz/index.php/1-eurasian/article/view/349> (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.03.2026.